

Қазақстан Республикасының көрнекті мемлекет қайраткері, белгілі заңгер Юрий Александрович Хитриннің есімін мәңгі есте қалдыру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 1 наурыздағы N 41-ө Өкімі

Қазақстан Республикасының көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, белгілі заңгер Юрий Александрович Хитриннің есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында:

А л м а т ы қ а л а с ы н ы ң ә к і м і :

1) Ю.А. Хитринге ескерткіш құлпытас және Алматы қаласында Мәуленов көшесіндегі 120-тұрғын үйге ескерткіш тақта орнатсын;

2) ескерткіш құлпытасты дайындау мен орнату жөніндегі шығыстарды және Ю.А. Хитриннің есімін мәңгі есте қалдыру жөніндегі іс-шараларды қаржыландыруды 2005 жылға арналған жергілікті бюджетте көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырсын.

Премьер-Министр